

**АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІ ҰҒЫМЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
Автор: Ерлан Русланұлы Баймағамбетов**

Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстан халқының дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас бөлігі екендігін, адам құқы мен бостандығын танитындығын, демократиялық қоғам мен құқықты мемлекет құруға бекем бел байлағандығын, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ететіндігі көрсетілген. Қазіргі жаңалық кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесіндегі адам факторын және оны жандандыру, өмірінің барлық жақтарын жаңарту жағдайында бала тәрбиесінің мәні мен оның проблемаларын күрделендіріп отыр.

Жас ұрпаққа адамдар арасындағы қарым-қатынас, адамгершілік, ізеттілік, сыпайлық, еңбек, дене, эстетикалық, сондай-ақ экономикалық, құқықтық, кәсіби және діни тәрбие беру бір-бірімен тығыз байланыста және өзара тәуелділікте жүзеге асырылуы тиіс. Тәрбие берудің бұл түрлерінің әр қайсысының өзіндік мазмұны, өзіндік бағдары, өзіне тән қызметі бар.

Бүгінгі күнде болашақ ұрпақ тәрбиесі ұлттық мұраттар мен дүниежүзілік рухани бай қазынадан нәр алумен ұштастырылып жүргізілуі талап етіледі. Біздің қоғамның тәлім-тәрбие тәжірибесі көп жылдар бойы бір жақтылықпен жүргізіліп келді. Жалпы азаматтың құнды ұлттық сана-сезімнің дамуына, рухани, мәдени байлықты, ұлттық тәрбие мен бай мұрасын игеруге көңіл бөлінбеді. Мұның өзі жас ұрпақтың басым көпшілігінің өз халқының тарихын, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық дәстүрлерін жете білмеуіне әкеліп соқты. Сондықтан соңғы жылдары әлемдік, отандық, ұлттық негізінде білім, тәрбие беру міндетіне сай республикамызда ондаған жаңа концепциялар, тұжырымдар және заң қабылданды.

Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңында: “үйелмен қалыптасып келе жатқан жеке адамның үйлесімді дамуы, оның қоғамға сай болуы, ұлттық және азаматтық қазыналардан нәр алуы үшін жауапты болады” деген.

Оқушының жан-жақты дамуына бағыт-бағдар беруші – мұғалім, сол себепті бастауыш білімнің мемлекеттік стандартында оқушыларды ғылымдар негізімен таныстырып қою мақсаты емес, баланың жалпы ойын дамыту, қажетті тәрбие беріп, оны тәжірибеде қолдана білу үшін өздігінен жұмыс істеуге, қажетті тәрбие беріп, адамгершілік мәдениетін қалыптастыру талап етіледі.

Орта мектептің бастауыш сыныбы кезеңі баланың қай жағынан болсын ең қарқынды дамитын кезеңі болғандықтан бүгінгі заманның педагогикалық, психологиялық зерттеулерінің анықтауына сүйене отырып, төмендегі ғалым-педагогтардың ғылыми тұжырымдарына сүйену аса маңызды. Атап айтқанда, психологы Л.В.Занков: “Оқыту – оқушының жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет”- десе, көрнекті психолог Л.С. Выготский: “Жақсы оқыту – баланың дамуын ілгерілететін, дамудың алдында жүретін оқыту”- деп тұжырымдайды. Бұл, білім беру жүйесінде мұғалім арқылы іске асатын процесс болғандықтан педагогтар мен ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді.

Еліміздегі жаңа тұрпатты қоғамның негізгі бағыты білімді де дарынды оқушылар даярлау болса, ал мектептің негізгі көкейкесті мәселелерінің бірі біліммен қатар тәрбие беру, яғни адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру, бастауыш сыныптан бастап адамгершілік мәдениеті жоғары деңгейдегі тұлғаны тәрбиелеу болыа табылады. Сондықтан жас ұрпақ бойына батылдық, әділдік, мейірім мен қайырымдылық, ізеттілік пен қамқорлық сезімдерін сіңіруді әр ұстаз, әр пәнде сабақпен ұштастыра жүргізілуі қажет деп саналады. Осы мәселелер төңірегінде көптеген педагог-ғалымдар пікірлер айтып, зерттеу жұмыстарын орындаған. Тәрбие жүйесінде оқушының адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың тиімді тәсілдеріне ұлттық педагогика элементтері де жатқызылады. Бұндай қаныс қазіргі таңдағы қазақ педагогикасының негізгі міндетін – адам бойындағы жақсы қасиеттерді жас ұрпаққа үйрету, ұлтжанды, отансүйгіш, әдептілік, ар-намысы биік оқушылар тәрбиелеуді міндеттейді.

Тәрбиеге комплексті қарау педагогика ғылымында біршама зерттелген және оны мектептің оқу-тәрбие процесінде қолдану мәселесі әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілгенімен, тәрбие түрлерінің бірін-бірі толықтыру мүмкіндіктері мен атқаратын тәрбиелік функцияларын кіріктіре қарастыру Қазақстанда жеткіліксіз зерттелуде, әрине оқу-тәрбие процесінде қолданысқа енгізілмеген. 12-жылдық оқыту жүйесінде оқушы мен мұғалім арасында қалыптасуға тиісті басты қарым-қатынас «субъект-субъект» негізінде болуы қажеттігіне байланысты тәрбиеге комплексті қарау қолға алынғаны дұрыс деп табылуда. Соған сәйкес білім беру саласына 12 жылдық оқыту жүйесінің де енуі бастауыш мектеп алдына үлкен мәселелер тудыруда. Өйткені мектеп оқушыларының тәрбиесі қоғамдық және азаматтық тәрбие сапаларын қалыптастыруда басты сынақ нүктесі ретінде алынады, яғни тәрбиеге көзқарас пен оның басты бағыттары мен бағдарларын дұрыс анықтау саясаты шешуші роль атқарады.

Біздің мемлекет отбасында қарым-қатынас дұрыс жолға қойылуына, ерекше көңіл бөледі. Адамгершілігі мол, берік ұйымдасқан жанұя тәрбие жұмысында жақсы нәтиже шығарады. Ана мен баланы қорғау жұмысын күшейту туралы шыққан заң отбасындағы тәрбиенің жақсаруын бұрынғыдан гөрі күшейтеді. Тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алады, адамдар арасындағы қарым-қатынас жайында, айналадағы дүниеден қарапайым түрде мәлімет беріледі.

Сондықтан да тәрбиенің бастауы отбасы болса, негізі бастауыш сыныпта болатындығы ешкімге күпия емес. Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршінге мектепте білім нәрін себе отырып, жақсы адамгершілік қасиетке баулып, саналы азамат болуға жол сілтеу әрбір ұстаз міндеті. Сол себептен бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың жолын қарастыруды арнайы зерттеуді ұйғардық.

“Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі”- деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымы зерттейтін негізгі категорияларының бірі – тәрбие.

Тәрбие адам тағдырын ойластырады, болжайды, алдын-ала адамның рухани өмірінің көптеген негіздерін сақтайды, тәрбие алыс пен жақын адамдарға және өзін қоршаған ортаға қатынас орнатады. Тәрбие ұлылар өсиетін сақтата отырып, олардың адамгершілік құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Адам тіршілігіне тек қана материалдық жағдайлар ғана қажеттілік болып табылмайды, сонымен қатар тәрбие беру – рухани қажеттілік ретінде саналады.

Осы тұрғыдан педагогика ғылымы адамгершілік категориясын бір адамның екінші адамға сыйлай салатын заты емес, ол өзінің тәжірибесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайын көрсететін педагогикалық үдеріс деп санайд.

Адамгершілік – қоғамдық өмірдің объективтік заңдылығына сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір имандылық шарттарын білдіретін ұғым.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында халыққа білім беру ісінің зор қарқынмен дамуы мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюмен тікелей байланыстылығын атап көрсетіп, оны халқымыздың озат тәрбие дәстүрлерін негізге ала отырып жүзеге асыруды міндеттейді.

Елімізде бұл проблема жан-жақты қарастырылып, үнемі ізденістер жүргізілсе де, қаншама концепциялар ұсынылса да бүгінгі күнге дейін нақты жауап таба алмай келеді, өйткені бұның шындыққа сай ең негізгі қиыншылығы, адамдардың арасындағы танымдық белсенділіктердің түрлі деңгейде дамып, қалыптасуы, яғни үлкен айырмашылықтардың болуында.

Сондықтан Қазақстанда жаңа білім беру парадигмасының анықтаушы белгілеріне сәйкес білім негіздерін, әлеуметтік тәжірибелердің жиынтығын берумен шектелмей, жеке адамдарды қалыптастыру, әлеуметтік бағдарлы қоғамдық қатынасқа тәрбиелеудің әлемдік тәжірибесіне көшу, оның мазмұнын жаңарту талаптары қойылуда. Бұған дейін неғұрлым білім негіздерін көбірек жинаса, соғұрлым жеке адамдық қасиет мол болады деген тұжырымды басшылыққа алып келсек, ендігі міндет қандай білімнің жеке адамдық

қасиеттерді қалыптастыра алатынын болжау, адамның тұлғалық янемесе маман ретінде құзырлығын қалыптастыруға ден қою мәселесі көтерілді.

С.А. Рубинштейн айтқандай: «Адам өзінің ерекше қайталанбайтын қасиеттерінің күші арқасында индивидуалды және адам қоршаған ортаға өзінің қатынасын саналы түрде анықтау арқасында жеке бас. Сондықтан адамды өзін қоршаған әлеміне және қатынасына байланысты анықтайды». Бұл біздің мемлекетіміздің білім беру жүйесіне қойып отырған жаңа талаптарының ғылыми ұстанымдарға сүйене отырып, адамгершілік категориясының оқу-тәрбие процесінде қалаптасу механизмін анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесін қалыптастырудың жетекші қозғаушы күштерін анықтағанда баланың жеке басының дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін 3 негізгі фактордан аттап кетуге болмайтынын негізге алу маңызды. Тұқым қуалаушылық (ішкі жағдай), орта мен тәрбие (сыртқы жағдайлар) баланың дамуына қалай әсер ететінін олар өзара қарым-қатынаста болатынын, қайсысы және қашан жетекші болып шығатыны туралы мәселенің өте зор ғылыми және практикалық маңызы бар екендігін есепке ала отырып, тәрбиенің бала дамуындағы негізгі құрал екендігін көрсету қажет.

Осы мақсатты жүзеге асыруда американдық психолог Л.Кольбергтің адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты мінез-құлықты қалыптастыру емес, ұтымды пікір айту қабілеті деп түсіндіреді[30]. Тәрбие арнайы жоспарлаған мақсатты құрал ретінде халықтық дәстүр туралы мәлімет беруде түсіндіру, ақыл-кеңес, нұсқау, бағыт-бағдар беру тәсілдерін қолдану адамгершілікті тұлға қалыптастыруға негіз бола алады. Сол себепті оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында жоспарлы түрде әр қилы әрекеттерді ұйымдастыру арқылы дәстүрді қолданудағы жаттығудың мәні әрекет пен қылықтарды бірнеше рет қайталату арқылы жеке бастың адамгершілік мотиві мен мінез-құлқындағы қажеттілікті қалыптастыруға мүмкіндік аламыз. Тәрбие әдісін балалардың моральдік мінез-құлқын (әдет) механизмдерін, адамгершілік сапаларын стимулдандыру тәсілі деп түсіндіреді. Оны сұрыптай отырып топтарға жіктеуге болады.

Бастауыш мектепте 6-10 жасар бала тұлғалық дамудың алғашқы кезеңінен бастап тәрбиелену мақсатын адамгершілік туралы ұғымдар арқылы саралап, санасына сіңіре бастайды. Сондықтан бастауыш сыныптарда адамгершілік тәрбиесі моральдік-этикалық дәстүр мәдениетінің толысқан сферасы ретінде дәстүрлі педагогикалық мәдениетті қалыптастыра отырып өскелең ұрпақты, адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі құралы, формасы, әдіс-тәсілдері, адамгершіліктің қайнар көзі, ілкі бастауы бола алады.

Кейбір зерттеушілер адамгершілік дәстүрлерін ұрпақтан-ұрпаққа берілген күйде өзгеріссіз, ал өзгерген жағдайда ұзақ уақыт қызмет ететін мораль элементінің тұрғысында қарастырады.

Бұған А.С. Макаренконың “Адамгершілік немесе моральдық саласында қызмет ететін және моральдық қатынасты бейнелейтін дәстүрлер” дей келе, ұлттық адамгершілік деп отырған ұғымдарымыздың түп төркіні моральды-этикалық дәстүрдің сара жолына әкеп тірейді.

Тәрбиенің дәстүрмен тығыз байланыстылығын тұңғыш қарастырушы К.Д. Ушинский өз еңбектерінде тәрбиенің халықтық сипатына, еңбектің тәрбиелік және психикалық сипатына және тәрбиедегі адамгершілік мәселелеріне көңіл бөле отырып “Тәрбие көзі – халықтық педагогика” деген тұжырымға келген болатын. Ал осы идеяны қазақ жерінде жалғастырушы педагог Ы.Алтынсарин адамгершілік тәрбиесін қалыптастырудың 7 қасиетіне тоқталып, олардың әрбір түріне жеке-жеке сипаттама берген болатын. Сол қасиеттер: имандылық, жоғарғы әділдік, адалдық, ақкөңілділік, сыпайылық, момындық, адал ниетпен өсиет беру, жомарттық, қайырымдылық, дұрыс заңдылықта тоқтала келе олардың жеке қалыптасуы нәтижесіз болатынын, тек олар өзара байланыста болған жағдайда, тәрбие мақсатына жетуге болатынын көрсеткен.

Адамгершілікке тәрбиелеу механизмдерін айқындауда оның нормалық мазмұнын сақтаудың маңыздылығы туралы Әл-Фараби: “Доскерлік – адамгершіліктегі жақсы қасиет, бұл өзі адамның басқа адамдармен тиісті шамада қарым-қатынас жасауынан туады, осының арқасында ол өзінің жүріс-тұрысынан, сол адамдармен әңгімесінен жақсы ләззат алады. Бұл жөнінде артық кету – жарамсақтыққа соғады, ал достыққа кемтар болу – тәккаппарлыққа

итереді. Ал енді осы ретте ол басқаны ренжітетін іс жасаса, онда бұл дұрдараздыққа апарып соғады”- деп, адамгершілік қатынастың қарым-қатынастық өлшемдеріне тоқталған болатын.

М.Әуезовтың педагогика, методика мәселелері жайлы мәселе көтергені белгілі. “Ғылым” атты еңбегінде: «Адам баласының жаман құлық жаратылысынан емес, өскен орта, алған үлгі, өнеге білетіндігінен және түзелу, бұзылу жас уақытта болады. Көпшілікті адамгершілікке тәрбиелеу үшін жас буынды тәрбиелеу қажет... Адамшылықты таза жүргізу үшін – көп ой керек, ойлау үшін оқу керек және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, ақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңіліне жақсылықпен тәрбие беру керек».

Ал С.Қожахметов шәкірттердің адамгершілік пен әдеп, саналы тәртіпке тәрбиелеу мәселелеріне байланысты бірнеше еңбек жазды. Автор өз еңбегінде дүниежүзілік педагогиканың классигі Ян Амос Коменскийдің «Тәртіп жоқ мектеп – сусыз диірменмен тең» дейтін афоризмін эпиграф етіп алады. Ол “Саналы тәртіп оқушылардың еңбекке, оқуға саналы түрде өзінің бар ықыласымен қатысуын, мектеп мүлкіне ұқыпты болуын, туысқандарына, жолдастарына көзқарас, қарым-қатынасы, сыпайы, қадірлі, қошеметті болуын талап етеді».

Бастауыш мектептік кезең, кейінгі зерттеулердің дәлелдеуі бойынша, адамгершілік дамуының, моральдық мөлшерді меңгерудің қарқынды даму кезеңі. Адамгершілік дамуы өзіне адамгершілік сана-сезімді, адамгершілік мінез-құлық және адамгершілік қарым-қатынасты жинақтайды. Бұл кезеңде оқушыны тәрбиелеудің негізгі бағыты – мінез-құлық мотивтері мен әдеттерді қалыптастыру. Мектепке жаңа келген балаларда бұларды қалыптастыру біршама қиындықтарды тудырып жатады, олар әлі де болса моральдық жағдайларды біржақты қабылдайды, оларға талдау жасауға қиналады, жасы өсе келе бұл жастағы балалардағы бағалаулар біршама бейімделіп, адамгершілік мінез-құлық ережелері негізделе бастайды. Оларға жан-жақты көмек, адамдық сезімнің жылылығы, шын көңілмен сүю, ұғу қажет. Тіпті жай ғана мысалмен түсіндіруге болады: егер де гүлді күтсең, суарсаң, жақсы қарасаң, онда ол жайқалып өседі, адамдарға көңіл әсемдігін сыйлайды. Ал егер оны қарамасаң, ол сарғайып, солып қалады.

Бастауыш мектептен бастап қарым-қатынас мінезі, құрбы-құрдастарымен өзара қатынастары айтарлықтай өзгереді. Тіпті олар үшін өте маңызды болып саналатын жора-жолдастарына көмек қолын беруге дайын тұру, достықты сүю, мейірімділік, қайырымдылық сияқты қасиеттер табылады.

Әрине, адамгершілік мәдениет ұғымдарын, адамгершілік тәрбиесін тұлға бойында қалыптастыру жайдан-жай алына салатын нәрсе емес, ол белгілі-бір халықтың ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұраларына негізделуі тиіс.

Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан мәдени мұралары – әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, рәсімдері мен рәміздері, жөн-жоралғылары құқықтық заң, бұлжымайтын ереже ретінде өмірлік қолданысқа айналған.

Халықтың ізгі әдеттері құқықтық әдеп болып қалыптасып, ол ғұрыпқа, яғни құқықтық заңдылыққа – дәстүрге, санаға сіңіп салтқа айналған. Ұлттық салт-сана мен дәстүрлер құқықтық нормалар арқылы әлеуметтік әдеп – яғни құқықтық мәдениет болып қалыптасқан.

Дара тұлғаның өзіне-өзі қызмет ету құқығы, сәлемдесу әдебі, ата-ананы, жалпы адам баласын сыйлау сияқты құқықтық мәдениеті, Отанға, ата-бабаға, ата-анаға, ұжымға қызмет етуі сияқты құқықтық парызы халықтың салт-дәстүрлері арқылы орындалып, өмір заңдылықтарымен өзектескен қасиетті құбылыс.

Жеке тұлғаның өзіне-өзі қызмет ету құқығы.

Қазақта «Тірі адам тіршілігін жасайды» деген мақал бар. Тіршіліктің қисыны, тірліктің тәртібі, әдебі бар. Әрбір адамның негізгі тірліктері: ұйықтау, ояну, киіну, жуыну, сергу, еңбек ету, тынығу. Әрбір тірліктің өз тегі, қалпы, құқықтық мәні, тәртібі бар.

«Әділет басқанды ұйқы басады» деп, халқымыз бекер айтпаған. Ұйқы қалпынан асса, ол – ауру. Әрине әсіресе жас баланың ұйқысы қанық болуы қажет, бірақ ол қалпынан аспау керек. Әрбір әдепті адам, уақытысында жатып, дер кезінде тұрып, тіршілік жасамаса, адамдық қасиетінен айырылып қалады. «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық» деп, халық «ерте тұрудың» мәнін ерекше бағалайды. Ерте тұру

үшін, ерте жату ләзім. Қазіргі заманда «еліктеткіш» теледидар көріп немесе бос сандалып көше кезіп, уақытысында ұйықтамау көп баланың әдетіне айналып барады. Ол құқықтық мәдениетке қайшы келетін, келеңсіз жағдай.

Әрбір адамның сымбатын, әдемілігін киім айқындап тұрады. Киімнің жарасымды, үйлесімді болуы, көбінесе, жеке бастың киіне білуіне байланысты. Жазда, күзде, қыста, көктемде киетін киімдерді өз ретімен кимесе, жарасым болмайды. Сән қуып, тән азабына ұшырап жүргендер аз емес. Ал талғамсыз, жарасымсыз сән күллі жұрттың алдында күлкіге ұшыратады. Қыста «сәнді» деп, жалаңбас жүру – денсаулыққа зиян. Жақсы киіну үшін сол киімді күте білуді үйренуіміз қажет. Киімін таппай, күйініп, киімін тапса, үстіне қалай-болса солай іле салатын салақ бала салауатты бола алмайды. Тәрбие құқықтық нормаларды қалыптастырады.

Тіршілік кезінде көшеде, көпшілік ортасында әдеп сақтау да жеке адамның өзіне-өзі қызмет етуіне жатады. Жеке тұлғаның өзіне-өзі қызмет ету құқығын шәкірттерге жан-жақты түсіндіріп, олардың құқықтық санасын арттыру ісінің нәтижелігі тәрбиешінің ұстаздық шеберлігіне байланысты.

Сәлемдесу – құқықтық - адамгершілік міндет.

Сәлем – әдептіліктің белгісі. Сәлемнің сәлемдесу, сәлем беру, сәлем қылу сияқты түрлері бар. Сәлемдесу – кездескен адамдардың бір-бірінің амандығын біліп, қуанышқа бөленуі, бір-біріне аман-саулық тілеп, тілектестігін, ниеттестігін білдіруі, яғни ізеттілік пен әдептілік нышанын көрсетіп, амандыққа ақ жарқындалып, жақсылыққа жадырауы. Амандасу адамгершіліктің, әдептіліктің бір белгісі болып табылады. Амандасқан адам қазақ салтында он алақанын жүрегінің үстіне қойып, басын изейді. Не қолын алып амандасады. Ол «Сізді шын жүректен құрметтеп, амандығыңызды тілеп, өзіңізге бас иемін» деген мағынаны білдіреді.

Үлкен адамға сәлем беру – кіші адамның құқықтық міндеті. Қазақта «Алыстан алты жасар бала келсе, ауылдағы алпыс жастағы қария сәлем береді» деген әдеп бар. Алыстан келген адамға сәлем беру тәртібі жасқа, үлкен-кішіге байланысты емес. Ал кездескен кезде кіші адам үлкен кісіге сәлем бермей кетсе, ол әдепсіздік, көргенсіздік болады. Сәлем беру – имандылық, инабаттылық, көргендік, мәдениеттіліктің белгісі. Сәлем қылу кезінде инабаттылық көрсетіп, үлкенге мүмкіндігінше күлімдеп, жылы шырай көрсете, иман жүзділікпен қарап, құрмет көрсету ниетін білдіру қажет. Үлкен адамдар сәлем қылған келінге бірауыз сөзбен батасын береді. Сонымен қатар, амандасу кезінде негізгі сөзде дауыс ырғағы инабаттылықпен ерекше құбылып, құрметтеу белгісін, сыйласым нышанын білдіру керек. Өйткені амандасудың өзі құқықтық мәдениеттілікті көрсетеді. Сәлемдесу – жеке тұлғаның құқықтық мерейін үстем ететін қасиетті іс-әрекет.

Аялаған ана, әлпештеген әкені құрметтеу – құқықтық міндет.

«Әке – отбасының пірі», қара шаңырақтың қожасы. Әке – үй ішінің тірегі, баласының жүрегі. «Әкесіз бала – панасыз балапан» дейді халқымыз. Әрбір баланың әке алдында құқықтық борыштары мен парыздары, міндеттері бар. Әке алдындағы міндеттер: тілін алу, сөзін тыңдау, ізет көрсету, әдеп сақтау; парыздар: балалық міндеттерді орындауды дәстүрге айналдырып, әкеңе көмекші, демеуші, сүйеуші болып, оны әрқашан да қуанышқа бөлеп отыру; кәмелетке жеткен соң, әкеге біржола қызмет көрсетіп, оның қартайған шағында асыраушысы болу, әкеңнің әкелік еңбегін өтеу.

Әкесін сыйламаған балада сезім жоқ. Ол – бақытсыз. Өйткені ондай нақұрыста адамгершілік мейірім, қайырым болмайды. Мейірімсіз, қайырымсыз жанда адамгершілік қасиет қалмайды.

Ең әуелі бала әкесінің алдында әдеп сақтай білу білу керек. Мысалы, аяулы ана ас дайындап, дастархан мәзірін жасайды, сонда анаға көмектесе жүріп, әкені ас-дәмге шақырып, ас алдын әзіз әке татқан соң ғана, басқа балалар асқа сұмаңдап, сұғынбай, әдеппен «алыңыздан» бастап дәм татады. Бұл ұлттық әдеп, құқықтық сана.

Әсіресе ер бала – әкемен сырлас, жолдас, дос. Сондықтан да ол әрқашан да өзінше бір әрекет жасау үшін әуелі әкемен ақылдасып отырғаны жөн. Халық ішінде әлеуметтік дәстүрлер атадан әкеге дарып, қалыптасып, дамиды, жеке дәстүріне мұрагер болу – құқықтық борыш. Мысалы : әке күйші, әнші баланың да өнерге бейімі бар дейік. Ал бала

сол әлеуметтік дәстүрге немқұрайды қараса, онда әлеуметтік намыс жоқ, яғни ол ұлттық қасиетін құқықтық мәдениетін жоғалтып алатын керғайсаң кесірлі жан болып шығады.

Ұлағатты ұстазға адамгершілікті шәкірт бола білу құқығы.

Абай атамыз:»Ұстазсыз шәкірт – тұл, шәкіртсіз ұстаз – тұл» деп, адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты екенін ерекше атап айтқан. Ұстаз – әмбебап білімдар, салауатты, салтанатты, маман кісі. Ол – адам жанын терең түсініп, жақсы білетін қадірлі де қастерлі, қасиетті мамандықтардың иесі, өз ісінің шебері, әрі өнерлі, кішіпейіл, мейірімді, қайырымды, ізетті, инабатты адам.

Ұстаз шәкіртінің жан саулығын, тән саулығын зерлей зерттеп, оның адамдық асыл қасиеттерінің жақсара беруін қадағалап, қамқорлық жасап отырады. Ол шәкіртін өзінің туған баласындай көріп, адамдық асыл қасиеттерді оның бойына сіңіреді. Шәкірт ата-анасынан гөрі ұстаздардаң қарауында көбірек болады. Ұстаз ата-анаға қарағанда балаға қамқорлықты анағұрлым арттыра түсіп, білім беру, тәрбиелеу ісіне арнайы күш-жігерін, уақытын бөліп, шәкіртіне бар білгенін, өнерін үретіп, тәрбиелейді.

Бар білімін, қайрат-жігерін аямай, бізге білім беріп, өнер үйретіп, өмірімізге жол ашып берген құқықтық санамызды қалыптастырған ұлағатты ұстаздарға бас иіп, тәжім етеміз!

Әдеппен сөйлеп әдеттену – құқықтық мәдениет.

Әрбір адамның әдептілігі оның сөзінен, көзінен, өзінен байқалады. Яғни иман жүзді, әдепті адам күндей күлімдеп, жарық дүниедей жадырап сөйлейді, сөзі арқылы да, өзі арқылы да тындаушының есту сезімін сүйсіндіріп, көңіліне нұр шашады, әдемі әсер беріп, әңгімеге тартады.

Халық әдебі «Сіз» деген сөзден басталады. Бұл сөз – сыйласымды, құрметтеуді, ардақтауды білдіретін қасиетті сөз. Жеке адамның іс-қимылына тәуелденіп айтылғанда бұл сөз «ыңыз», «іңіз» қосымшалары арқылы сыпайылық мәнін арттырады.

Өмірінде қателеспейтін адам жоқ, аңғалдық жасап, байқамай қалатын кемшіліктер әркімде бар. Мұндай кемшіліктер екінші бір адамның көңіліне қаяу салып, кейіту мүмкін, жеке адамның әдептен озып, опықтану басқаға да әсерін тигізеді. Осындай жағдайда «кешіріңіз», «ғапу етіңіз» деген сөздерді айтып, өз кемшілігін мойындаған адам әдептілік көрсетеді. Ол әдепті сөздерге «оқасы жоқ» деп жауап беру де әдептілік болып табылады.

Әдепті сөздерге неше алуан жанашыр сөздер мен аяныш сөздер де жатады. Ондай сөздерді әдепті адам шын ниетімен адал жүрегінен айтып, басқаға әсерлендіре жеткізуі қажет.

Әдепті сөздер – ақылдан шыққан аялы сөздер. Әдепке үйреніп, әдепті сөздерді айтуға жатыққан адам – құқықтық мәдениеті дамыған адам. Ол үшін жеке тұлғаның құқықтық әдебін қалыптастыру керек.

Отбасындағы сыйласым адамгершілік - құқығы.

«Отан отбасынан басталады» дейді халық. Отбасының екі тірегі - әлпештеген ата мен аялаған ана. Әке-шеше арқылы өрбіген тұқымның туыстық-адамгершілік қатынастары жүйеленіп, әлеуметтік, қоғамдық құрылысқа байланысты қалыптасқан.

Әрбір отбасында әкеге байланысты әкеге байланысты: баба, кейуана, ата, әже, әке, аға, іні, қарындас, ал шешеге байланысты: түп нағаша, нағашы ата, нағашы әже, нағашы әпке, нағашы іні, нағашы қарындас деген туыстық ұғымдар және оған байланысты құқықтық қарым-қатынас ғұрыптары бар.

«Бір үйде қаншау болсаң – бір-біріңе меймансың», «Бір-бірінді жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деп, халық отбасындағы сыйласымды жоғары бағалайы. Әке, жәке, көке, ата, әже, апа, апатайым, ағатайым, айым, күнім, панам, алтыным, т.б. ізетті сөздермен сыйласым рәсімдерін іске асырып отыру – отбасындағы әрбір адамның құқықтық парызы. Отбасындағы сыйласым – қуаныш, бақыт, қызықты өмір!

Кісі күту – құқықтық мәдениет белгісі.

Кіс күту, қонақжайлылық – қазақ халқының ұлттық салтқа айналған дәстүрі. Бұл – халықтың әлеуметтік, кеңмекендік, тұрмыстық жағдайына байланысты қалыптасқан қастерлі дәстүр. «Қонақ десе, қоң етіп кесіп беретін қазақпыз» деп, халық бекер айтпаған.

Қонақты қарсы алу: қонақты күту, қонақты шығарып салу рәсімдерін халық ұрпағына ұлағатпен үйретіп, үлгі-өнеге ретінде оны тәрбиенің ең негізгі бір саласы деп қараған.

Қонақкәде жасау, яғни қонақтың көңілін көтеру үшін «ауылдың алты ауызын» айту, одан соң қонақтың өнерін байқау дәстүрі халықтың өнерпаздығын дәлелдейді.

«Құтты қонақ келсе қой егіз табады», «Қонақ қойдан жуас», «Бір күн қонған қонақ – құт» деп, халық қонақ күту мен мейман сыйлауды бақыттың нышаны деп қараған. Қонақ күту, мейман сыйлауды көрсететін шағын той іспеттес. Мейманмен танысу, оған сәлем беру, оны күту рәсімдерін адамгершілік көрсетіп, имандылықпен орындау – отбасы мүшелерінің, әсіресе, балалардың салт-саналық парызы.

Адамгершілік, мейірімділік, қайырымдылық дәстүрлері – құқықтық мәдениет негіздері.

Иман – арабша «сенім» деген ұғымды білдіреді. Өмір заңдылықтарына айқын сеніммен қарап, адамгершілік рәсімдері мен уәждері, міндеттері мен мақсаттарын бұлжытпай орындайтын ақ ниетті, адал жүректі, көпшіл адамды – иманды адам дейміз. Иманды адам – айналасындағыларға және бүкіл адамзатқа тек жақсылық ойлайды, оларға мейірім-шапағатын төгіп, жанашырлық, қамқорлық жасауға әзір тұрады, әркімге әдеппен, ізетпен, инабатпен қарайды. Сондықтан да иманды адамды бет бейнесінен танып, халық оны иман жүзді адам дейді.

«Тура биде туған жоқ, туысты биде иман жоқ» деп халық иманды адамның әділетті, шыншыл болатынын уағыздайды. Халқымыздың қонақжайлылығы, кеңпейілділігі, дос көңілділігі – әлеуметтік имандылықтың белгісі. Имандылық дәстүрін қастерлей біліп, иманды адам болу – кісілік борыш.

Иман кәміл адам мейірімді болады. Мейірімділік – адам бойындағы қасиетті сезім. Ата мейірімі, әке мейірімі, ана мейірімі, отбасындағы адамдардың бір-біріне деген мейір-шапағаты - әдептік әсем құбылыс, түйсікті баурап алатын түсінік, ұлағатты ұғым, адамгершіліктің асқар шыңы. Мейірім адамның мерейі үстем болу үшін, ол ойлаған жақсылық, әсерленген әдептілік, жақсы көрген адамдарының жан саулығы мен денсаулығы оны қуанышқа бөлеуі тиіс.

Мейірімділіктің іс жүзіндегі бір көрінісі – қайырымдылық. Қайырымдылық – мүдделі, кіріптар, көмекке құштар адамдарға, табиғатқа, жан-жануарларға іс-жүзінде жақсылық жасау. «Байда қайыр, кедейде пейіл де жоқ, аңдастырған екеуін, құдайым-ай!» деп Абай атамыз қайырымсыз байды қатты сынады. Қайырымдылық жылу беру, сыйлық ұсыну, демеуші болу, сый-сыбаға тарту, көрімдік, байғазы, бәсіре т.б. жөн-жоралғылар арқылы іс жүзінде ізеттілікпен, ілтипаттылықпен, инабаттылықпен, сыпайылықпен орындалады.

Табиғатты қорғау, тал егу, гүл өсіру, жер суару, құстарға қамқорлық жасау, аңдарды аялау – қайырымдылықтың қалыптасқан халықтық үрдісі, оны орындай білу – құқықтық парық. Ол үшін әрбір әдепті адам өзінің қайырымдылық борыштарын терең сезініп, тебірене іс-қимыл жасауға міндетті. Халқтың құқықтық мәдениеті осындай ізгі іс-әрекеттер арқылы дамып, құқықтық сана қалыптасқан.

Туған жердің табиғатын қорғау құқығы.

Халқымыз ұрпақтарына табиғатты аялауды әрқашан да әдеппен аңғартып, құқықтық идеологияны (насихатты) іске асырып отырған.

Туған жерімізде «әулие тал», «әулие бұлақ», «әулие көл», «хан тәңірі», «сұлу төр», «бесік тау» деген қасиетті атаулар бар. Атынан көрініп тұрғандай, бұл әулие әрі киелі жаратылысқа дақ салмай, аялап күтіп, ардақтап сақтау - әрбір адамның перзенттік парызы, құқықтық міндеті.

«Бұлақ көрсең, көзін аш», «Жол үстінде тас жатса, алып таста», «Гүлді жұлма», «Ағашты жастай қырықпа», «Құмырсканың илеуін бұзба», «Судың да сұрауы бар», «От шығарып ойнама», «Артыңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Жеті күн жауған жаңбырдан желіп өткен су артық» т.б. тыйымдар мен мәтелдер табиғатқа байланысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің құқықтық санада ертеден қалыптасқанын көрсетеді.

Үйде, мектепте гүл өсіру, табиғат мүйісін ұйымдастыру, мал, құс өсіріп, еңбектеніп, қызығын көру – әрбір жастың ықыласты іс-әрекеті болып қалыптасуға тиіс. Мектептегі табиғатты қорғаушылар клубтары мен үйірмелері жер-ана жүзіндегі жеткілікті

қызықтардың рақатын көруге әрбір оқушыны бейімдей білетіндей болуы қажет. Ата-бабамыздың аялап келген кереметтері бар туған жердің топырағын тыңайтып, суын тұнықтап, әсемдігін өркендету – әрбір адамның қастерлі борышы, құқықтық міндеті болып табылады.

Ата текті ардақтау құқығы.

Қазақта «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген мақал бар. «Жылқы жеті тегіне тартып туады» деп, халық адамның да арғы тегіне тартып туатынын айқындап, «Біреу әкеге тартып туады, біреу әкеден артып туады» дейді де, ұрпағының мейлінше «артып туғанын» тілейді.

Жеті атаға дейін жақсы білудің әдептілікке әсері мол, яғни бабасына дейінгі туыстық тегін жақсы біліп, халықтық салт-сана бойынша, туыстық қатынаста қалыптасқан құқықтық парыздарын орындап, перзенттік борыштарын өтеуге міндетті.

Ата текті білуде туыстық, жақындыққа байланысты: баба, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, туажат, жүрежат деген ұғымдар бар. Атаның баба алдындағы зор міндеттері баланың, немеренің, шөберенің, туажаттың, жүрежаттың алдында жалғасады, ол әдептік қарым-қатынас ру, ел, ұлт, ұлтаралық, бүкіладамзаттық мәдени дами қалыптасып, адамгершілік парыздарды өтеуге міндеттейді. Дәріпті дәстүрлердің мәнін біліп, оны орындай білу – құқықтық парыз.

Аталы сөз бата, өсиет, өнеге және құқықтық сана.

Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақтарымыздың адал жанды, әдепті, адамгершілікті, батыл да батыр, инабатты, ізетті болып өсуі үшін өсиет айтуды, өнеге көрсетуді, бата беруді, тілек айтуды әлеуметтік әдепке, ата-бабалық дәстүрге айналдырған. Ата дәстүрін ардақтау – қазақ халқының ұлттық ұжданы. «Ат тұяғын тай басар» деп кейінгі ұрпақтың ата салтын бұзбауын талап еткен. Осының арқасында әуелі отбасылық, содан кейін әлеуметтік, ұлттық тағылымдар ата дәстүріне айналып, ұрпақтардың санасына сіңіп, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға айналған.

Ата-бабаларымыз тәжірибелерінен, халықтық әдет ғұрып болып қалыптасқан дәстүрлерінен үлгі нұсқаларды өне бойы өнеге етіп, құқықтық нормалар ретінде ұрпақтарына үйретіп отырған, тілек тілеп, бата беріп, жастарды жақсы жолға бастаған. Бата – адам баласына тек жақсылық тілеу, халық тарихында ертеден қалыптасқан дәстүр. Кейіннен тілек айту, сол тілекке жету «құдіретке байланысты» деген сеніммен батаның нұсқалары қалыптасты. «Үйің құтты болсын», «Сапарың оң болсын», «Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз» деген тілектер – қысқа да нұсқа баталық сөздер. Бата қарт адамның ризалық сезімін, өсиетті ой-тұжырымдарын, жақсы тілектерін білдіреді. Арттағы ұрпағына сөзімен де, ісімен де, ақаламен де, парасатымен де үлгі-өнегесін қалдырған ата-бабаларымыздың аруағын ардақтап, мұрасын мақтан тұтамыз.

Елге бірлік, тыныштық тілеп, халқының қадірлі, қасиетті болуын армандаған данышпан ата-бабаларымыздың жолын қуып, жоралғысын жасау – біз үшін міндет, құқықтық парыз, ұрпақтық борыш. Бұл қасиет ұлттық әдептілік деп аталады. Ата-баба дәстүрлері құқықтық мәдениеттің бір негізі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы//Егемен Қазақстан, 15-маусым, 2007 ж.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» бағдарламасы.-Астана: Юрист.-2004
4. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы// Қазақстан мектебі.-2014-№3.-3-16 б.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2011
6. Занков В.В. Избранные педагогические труды.– М.:1990.